



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахымжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*







Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

#### **Шығармашылығы:**

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

#### **Творчество:**

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**


Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## СОҒЫСТЫҢ СОҒҒЫ БОМБАСЫ

Сіздерде қандай екені қайдам, біздің ауылда жел тұрмай шөп басы қимылдайды.

Олай дейтінім, Жазыл өлерден екі күн бұрын көрші жеңгесі Орынша “Жайрағыр Жазылау, саған дегенде құдайдың тамағы тоқ, жаудың көзі оң. Бірақ осы қарау пейіліңе, сен енді көп кешікпесің” депті дейді ел сыбырлап.

Көршісінің тайлағы қаймалы інгенін бұза берген соң Жазыл бір ожау қайнаған суды сауырына құйып жіберсе керек. Жынын шашып айдалаға безген тайлақ та әлденені айтып бара жатты дейді өз тілінде.

Кешқұрым қой қоралағанда қоймен бірге кірген қозысын айтпағанына наразы бір жас келін “осы қайнағаға бірдене көрінер, тіпті табалдырығынан сескене аттаймын” депті дейді жел сыбырлап.

## ПОСЛЕДНЯЯ БОМБА ВОЙНЫ

Не знаю, как у вас, но в нашем ауле слухи опережают события подобно колыханию трав ещё до дуновений ветров.

Я это говорю к тому, что за два дня до гибели Жазыла его соседка и тётка Орынша сказала, мол, как молвят шёпотом в народе, следующее: «Быть тебе убитым, Жазыл, тобой и Бог сыт, и враг догляд. Однако, чёрный твой нрав, теперь ты недолго удержишься».

Поскольку соседский годовалый верблюжонок всё пытался покрыть его готовую к спариванию верблюдицу, Жазыл взял, выходит, да и опрокинул ушат кипятка на его круп. И ускакавший в степь верблюжонок вместе с болью осыпал его, говорят, на своём языке этими же проклятьями.

Да и молодая невестка, недовольная, что он не предупредил её о том, что вечером вместе с овцами загнал в овчарню и ягнят, роптала, говорят: «Наверное, ему что-то предвидится, даже переступая порог, я опасуюсь чего-то», - прошептав, как будто, ветер.

Айтты айтпады не, сөйткен Жазыл мамыр айының шуақты күнінің бірінде бомба жарылып дүниеден озды.

Иә, кәдімгі Ұлы Отан соғысынан қырық жылдай уақыт өткесін жарылды. Сол қырғынның соңғы бомбасы шығар, бәлкім?

Не десеңіз де Каспий теңізіне сұғына қоныстанған Мамыр ауылында бұл оқыс оқиға күні ілгері болжағыш жеңгейлер мен келіндердің сөзін жоққа шығармады. Айтпақшы, әңгімені жеңгеміздің қарғысынан бастайық, келін сөзіне кейін келерміз...

\* \* \*

Таңы суыған таразы айының орта шені. Қошалақтағы төрт кластық бастауыш мектептің мұғалімі Жазыл қызыл іңірде үйіне абдырай кірді.

– Әлима, уа, Әлима! Есіктес отырып сен естімедің бе бұл сұмдықты? Әлде әдейі маған айтпадың ба?  
– Шам жағылмаған қара көлеңке үйден ешкім тіл қатпады.

– Әлима деймін! – Жазыл аңтарылып қалды – Бәтір-ау, әлгінде үйде емес пе еді? – Күйбеңдеп кері есікке беттегенде пеш түбінен тұншыға жылаған дауысты естіп, кілт тұра қалды.

– Е-е, естіген екенсің ғой! Үйлеріне осы жаңа бас сұққам. Қайран Ордекең кемпірі Гүлжамилә екеуі екі жерде шөгіп отырып қалыпты,

– Не дейсің? Нұрғалидан “қара қағаз” келіп пе? Аһ, ұрған Әлима жатқан орнынан атып тұрып шамды жақты. Күйеуінің жүзіне қараған, түтігіп кетіпті.

– Естімедің бе? Нұрғалидың келіншегі Қатима кеше түнде әлгі кәрі азбан Мұхамедимен қашып кетіпті. Қасымғали арттарынан қуам деген екен, бала ғой, жазым болар деп Ордекең жібермепті.

Әлиманың көз алдына Нұрғалидың бейнесі келе берді. Ұзын бойлы, келбетті жігіт әдетінше оң жақ самайына біткен кенедей қалын сипалап күлім-



Сказано что, что не сказано, пресловутый Жазыл в один из солнечных майских дней погиб от взрыва бомбы.

Да, на самом деле, она взорвалась по происшествию сорока лет со дня окончания Великой Отечественной. Наверно, это была последняя бомба войны.

Что ни говори, но это неожиданное событие в ауле Момыр, находящегося на берегу Каспия, все предсказания ясновидящих тетушек и невесток сделало не напрасными. К слову, начнём свой рассказ с проклятья тётки, а к словам невестки вернёмся позже.

\* \* \*

Середина последнего месяца лета с прохладными рассветами. Учитель четырёхклассной начальной школы в Кошалаке Жазыл вместе с краснеющими сумерками растерянно вошёл в свой дом.

- Алима, эй, Алима! Ты что, живя дверь в дверь, не слышала что ли этот кошмар? Или преднамеренно не известила меня? В доме, где ещё не засветились лампы, никто не ответил.

– Алима, слышишь?! – Жазыл растерялся – эй, Батир, и его что ли нет дома? Когда, не спеша, повернулся назад к двери, то, услышав глухой плач у печи, замер.

- Э, слышала, значит! Только что заглянул к ним домой. Ордеке и его старуха Гулжамилә сидят вдвоём, застывши, в шоке.

- Что ты сказал? Неужели «чёрная бумага» (так казахи называли похоронку), пришла на Нурғали?  
- Алима, вскочив с постели, зажгла светильник. Посмотрела на лицо мужа, оно было хмурым.

- Неужели не слышала? Жена Нурғали, Катима, сбежала вчера с этим старым кастрированным Мухамеддином. Касымғали хотел пуститься вдогон, ребёнок же ещё, Ордеке, опасаясь несчастного случая, не пустил его.

Перед глазами у Алимы всплыл образ Нурғали. Высокорослый, симпатичный джигит, поглаживая родимое пятно на правом виске, похожее на





сірейтіндей. Күлімсіреп тұрып, “Әлеке-ау, мынау саған Қанішкеннен әкелген базарлығым” дер еді, гүлді қызыл орамалды ұсынып.

“Әнеу, сұлу қызбен таныстыршы?..” Сөйтіп ойнап-күліп жүріп үйленген келіншегі еді ғой, Қатима. Әлима өз-өзінен қымсынды.

Ертең соғыстан аман-есен оралып, “Әлеке-ау, саған осындай қызбен таныстыр деп пе едім” десе, оның жүзіне қарауға қалай беті шыдар?

Ылғи да жымысып жүретін сол сері жігіттің әйтеуір қабак шытқанын көрмепті.

Төргі үйдің есігі сықырлай ашылып, ішке Нұрғалидың қос қарындасы Нұрғаным мен Рауза енді. Енді де Әлиманы құшақтай алып, дауыс салып жыласын келіп. Ықылық атып отырған Нұрғаным:

– Дә-у-ке-бай пошташы айтқан, Жазағама да шақырту келді деп десін. Манадан бері әйелінің неге жылағанын сұрауды қаперінен шығарып алған Жазыл мына сөзді естігенде алдына шок түсіп кеткендей шоршыды.

– Оны неге айтпай омалып отырсың? – деді, аяқ астынан құты қашып кәрлене қалған Жазыл Әлимаға төніп. Көп жылағаннан беті күлтілдеп ісіп кеткен әйелі үн-түнсіз молданың ішірткісіндей екі елі шақырту қағазын еріне ұстата берді.

– Тов. Жа-жабу-галиев, ва-вас вызыва-ет рай-воен-ком... – даусы дірілге қағылып, әрең ежіктеп шыққанда самайынан тер саулап, тізесі қалтырап, үй ортасындағы тіреуге сүйене кетті.

– Құрыдық, – деді, әлден уақытта әйеліне қарап. – Түп-тура ажалға айдамай қайтер дейсің!

– Мүмкін, әскерге ойнатпай, жазу-сызуға кірістірер? – Әлима күйеуін шынында үлкен сауат иесі деп ойлайтын,

– Атаңның қақ басы! – Жазылдың көк көзі тіпті



клевца, как будто всегда улыбался. «Алике, это подарок тебе, привёз с базара Ганюшкино», - улыбаясь, сказал бы он, протягивая красный платок с узорами-цветами.

«Алике, познакомь меня с красивой девушкой...» Катима и есть та, на которой он женился с этими игривыми шутками. Алима застеснялась от самой себя.

Если завтра, вернувшись с войны живым и здоровым, скажет: «Алике, разве тебя с такой девушкой я просил познакомить», - то, как же она сумеет взглянуть ему в глаза?

У этого постоянно улыбающегося парня она никогда не видела насупившихся бровей.

Входная дверь открылась со скрипом, вошли две младшие сестрёнки Нургали, Нурғаным и Рауза. Войдя, они обняли Алиму и громко заплакали. Икающая Нурғаным:

- Да-у-ке-бай почтальон сказал, чтобы мы передали, что повестка пришла и на Жазыл-ага. Жазыл, забывший до этого спросить у жены, почему она плакала, услышав эти слова, вздрогнул, будто перед ним возникли уголья.

- Ты почему, сидишь, не сказав об этом? – спросил испугавшийся вдруг и резко постаревший Жазыл, уставившись на Алиму. С опухшим и посеревшим от долгого плача лицом, жена молча подала мужу повестку шириной в два пальца.

- Тов. Жа-жабу-галиев, ва-вас вызыва-ет рай-воен-ком... - Как только еле-еле, дрожая голосом, закончил читать по слогам, то, проливая пот из висков, трясаясь коленями, прислонился к подпорке, стоящей посреди комнаты.

- Пропали, - сказал он, через некоторое время, посмотрев на жену. – Не иначе, как напрямик гонят на погибель!

- Может, не призвав в армию, привлекают к письму-черчению? – Алима и вправду считала мужа крупным знатоком грамоты.

– Хрен тебе! – голубые глаза Жазыла сразу побе-



ағарып кетті. Өз жазу-сызуы өзіне аян. Төрт класты әрең бітіріп, бірінші кластың балаларын оқытып жүргеніне де тәубе айтпас па?

Оның үстіне өткен жылы өзіндей бір мұғаліммен “ц” әрпінің құйрығына таласам деп бүкіл ел алдында күлкі болғаны тағы бар.

Бақса бұл “Ц” өз алдына “Н”-ға да мол қолдық жасап, құйрықты жалғай беретін көрінеді.

Ал Бақсыбай болса, бәрін де құйрықтан қағыпты. Содан құм ортасындағы жиырма-отыз үйлі Қошалақтан дені дұрыс төреші табылмай, көлікпен бір қонып, бір түстеніп жететін аудан орталығы Қанішкеннен оқу инспекторы келген.

Бір жұма жатып, екі мұғалімнің қайтадан сауатын ашып, сабақтарына қатысып қайтты. Содан бері құрдастарының әйелдері көрсе болды бірін “құйрықты”, екіншісін “құйрықсыз” мұғалім деп қаша жөнелетін.

Сөйткен Бақсыбайдан да “қара қағаз” келгеніне үш айдың жүзі болды. Жазыл оқыс күрсінді.

Сол түнде түс көрді. Түсінде өзінің Әлимасы Мұхамедимен қол ұстасып қашқан екен дейді.

Бұл алқынып арттарынан қуып берді. Айқайлайын десе даусы шықсыншы. Енді жете бергенде әлгі Мұхамеди дегені неміс солдаты болып шығды.

Әлима жоқ, қасында Қатима тұр. Катиманың “қайнаға-ау” деп бастағанмен сөзінің аяғы түсініксіз. Бұл ойлайды:

– Шамасы, немісше сөйлеп тұр-ау, келіннің алғырын қарашы, – деп.

Қасындағы неміс солдаты: “Жазыл, ақыл-есінді алам да, шыбын жаныңды өзінде қалдырамын. Есің дұрыста ақырғы тілегінді айтып қал”, – дейді.

лели. Ему самому известна его грамотность. Разве недостаточно того, что он, с трудом закончив четыре класса, ещё и обучает детей-первоклассников?

К тому же помнится, как в прошлом году, поспорив с таким же, как и он «учителем», по поводу «хвостика» буквы «ц», стал посмешищем перед всем честным народом.

Да, что там «Ц», проявляя щедрость, он цеплял хвостик и к букве «Н».

А Бақсыбай же, всем буквам отрезал хвостики. В итоге, не найдя достойного арбитра в песках затерявшемся Кошалаке, где всего-то было двадцать-тридцать дворов, пришлось вызывать инспектора из Ганюшкино, откуда даже на транспорте можно добраться лишь за полторы суток.

Побыв неделю, посетив уроки двух учителей, просветив их, он уехал. С тех пор жёны ровесников, только увидев их, одного обзывая «хвостатым», а другого – «бесхвостым», убегали со смехом.

Уже прошло три месяца, как и на того же Бақсыбая пришла «чёрная бумага». Жазыл тяжело вздохнул.

Той же ночью ему приснился сон. Во сне его Әлима как будто сбежала, взявшись за руки с Мұхамедди.

Он, запыхавшись, гнался за ними. Хотел закричать, но голоса не было. Только было, он их настиг, как тот же Мұхамедди обернулся немецким солдатом.

Алимы не было, рядом с ним стояла Катима. Кроме её обращения к нему, он других слов не разобрал. Про себя ещё подумал:

- Наверное, она тараторит по-немецки, надо же, какая способная наша невестка.

Немецкий солдат угрожающе изрёк: «Жазыл, я отниму у тебя память и ум, оставлю тебе лишь душу. Пока ещё ты способен думать, вырази своё последнее желание».





Мұның аузына “сауға”, “сауғадан” басқа сөз түспей тізерлей түседі. Түлкінің боғына татитын түстің соңында неге екені тәңірге ғана аян, үшеуі Қошалақтың күншығыс жағындағы Қоянды сайына қарай беттеп барады.

Екпетінен ыңғайсыз жатып қалған екен, оянып кетті.

Айналасына қараған, Әлима көрінбейді. Шамасы сиыр сауып жүрген шығар деп топшылады да, қырынан аударылып түсті. Кеше кеште келіншегіне қатты кетіп қалғанын есіне алып өкіне бастады. Бірақ әлгі түс есіне түсісімен кері қатая қойды. “Соғыс кезі сіз, бізді көтеретін бе еді?”.

Сөйтіп жатып енді ғана бозамықтанып келе жатқан терезеге қарап ойға шомады.

Әкесі Жабұғалиды ел баяғы кәмпеске кезінде “құлақшын” деп қыр соңына түсті. Аяқтыға алдырмай, азулыға шалдырмай жүрген байларды бір күнде жинады емес пе осы Қошалаққа?

Соны алдын ала білгендей әкесі мұны Орда жағындағы нағашысына суыт аттандырған.

Қоштасар сәтте “Қарағым, алдында сүйенішің, артында тіреуішің жоқ. Кіндіктен жалғыз ең. Артық біткен он саулық, қолыма құрық бола ма десем, басыма сырық болды. Тағасыз аттан тайғанақтап жүрісім – мынау. Пешенеге жазғаны бар шығар. Бұйырмысқа байланысты ғой, дәм айдап туған жерге аман-есен оралсам, өзіңді тауып алармын. Өзірге нағашы жұртыңда бола тұр” деп жел қағып тотыққан өңі сазарып теріс айнала берді.

Баласының алдында осалдық көрсетпейін деп ойлаған шығар. Сол кеткеннен мол кетіп оралмады.

Енді ойлап отырса әкесінің дәті берік жан екен. Өзі үш жасында шешектен ауырып дүние салған шешесіне тартқан ба, үрейқуықтау боп өсті.

Әлимамен қосылғанына төрт жыл өтсе де бір шикі өкпе көрмегені санасын қарып, қабырғасына аяздай батады. Соғысқа кеткен ағайыны Меңдіға-



Не найдя никаких других слов кроме «пощади», «сжался», он упал на колени. В заключение сна, похожего на вкус помёта лисицы, почему-то, это почему одному Богу ведомо, они втроём направились на восток в сторону низины Коянды.

Оказалось, он уснул неудобно на спине, от чего и проснулся.

Посмотрел вокруг, Алимы не видно. Наверное, доит корову, решил он и повернулся на бок. Но, вспомнив, тот сон, посуровел. «Разве может пощадить кого-то военное время?».

Взглянув лёжа на окно, уже покрывающееся сумерками, впал в тяжёлые думы.

Аульчане, во время конфискации отца его, Жабугали, объявленного «кулаком», стали преследовать всю семью. Разве не в один день в этом Кошалаке собрали всех баев, пешим двуногим недоступных, для зубастых неприступных?

Узнав об этом заранее, отец срочно отправил его к родственникам матери в окрестности Орды.

Прощаясь, он сказал: «Светик мой, нет никого, чтобы тебе спереди уцепиться, а сзади подпереться. С роду ты один-одинёшенек. Думал, лишний десяток овец помогут содержать дом, а стали они ярмом. Теперь вот, оставшись без подковы, не хожу, а скольжу. Видно, так предписано судьбой. С этим же предписанием связано, - если останусь, жив, здоров и запах родины вернёт обратно, то обязательно найду тебя. А пока побудь у родных матери».

Его обветренный образ, мрачней, возникал вновь и вновь. Видимо, он не хотел проявлять слабость в глазах сына. Как делся куда-то, так и пропал безвозвратно.

Если теперь призадуматься, отец был терпеливым человеком. Сам же он, наверное, пойдя в мать, которая, заболев, умерла от оспы, когда ему было три года, рос пугливым.

Хотя с той поры, когда он женился на Алиме, прошло четыре года, но детей от неё не имел, и это обжигало его разум, стужей впивалось в рёбра.



лидың соңында төрт баласы қалды. Амандық болса ер жетіп төрт отау боп отырмай ма? Жакқан отың өшпеді деген эне, сол.

Соғысқа кеткен Сабырдың да соңында жалғыз бала қалды қара боп. Әкесі Нәжімеден “көптің бірі өлсе бірі қалады, жалғыз өлсе несі қалады” деп немересіне құйысқандап жорға мінгізіп, күндіз-түні үкілеп отырғаны анау.

Атылған оқтың белгілі бір жүретін жолы, бағыты болмас. Қарша борап, қылт еткенді қақшып кетіп жатқан соның біріне бұл іліксе...

Соны ойлағанда іші мұздап жүре береді. Әлгіндегіден бері жатқан төсегінен бүйі шаққандай апыл-ғұпыл тұрып, тысқа беттеді, таңертеңгі шайына түсі бұзылыңқырап келіп отырды.

– Әлима, өткен қыста Дюаз соғысқа қалай бармай қалды деп еді? – деді әйеліне бір қырын қарап отырып.

Өзі білетін жайтты сұрап отырғанына таңданған Әлима:

– Білмеуші ме ең? Қанішкенге “Камэссияға жүресің” деген күні өзі тонға оранып, сыртқы табалдырықтан екі аяғын жалаңаштап шығарып отырып еді ғой, түні бойы. Қаңтардағы сары аяз қойсын ба, барлық башпайы үсіп түсіп қалыпты. Тобан аяқ кісіні соғыс қайтушы еді?

“Түйе қарап жүргенде үстім” деген екен, оянкаматтың бастығы басын шайқап көп отырыпты. Ақырысы нанған шығар, “жарамсызсың” деп кері қайтарыпты. Қойшы, сол елге қадырсыз қаніпездерді. Әйтеуір жер көтеріп жүр ғой, – деді. Әйеліне көз тастаған, жүзі сынық екен.

Сол күннен бастап көңіліне суық үрей кірген. Қайда барса да өзін көз таса қылмайтын бір пәлеге тап болды. Тірі жан білмесін деп жүрген ішкі есебін де жалпақ, жұртқа жариялап тұрғандай.



У его родственника Мендигали, ушедшего на фронт, осталось четверо детей. Бог даст здоровья, вырастут и разве не создадут отдельные семьи? В этом-то и смысл выражения «не погас, твой очаг».

Остался, как перст судьбы, один сын и у призванного на войну Сабыра. Его отец Нажимеден, со словами «если умрут, от многих хоть один останется, а от одного, если умрёт, кто останется», - сажая внука на привязанного иноходца, лелеет его днём и ночью.

У летящей пули вряд ли всегда есть цель и направление. Из свистящих, как снег в пургу, укукошивающих даже высунувшихся, попади в него даже одна...

От этого воображения внутри у него похолодело. Будто ужаленный скорпионом, он вскочил с отлежавшейся постели, торопливо вышел наружу, а затем с потрёпанным видом сел ужинать.

- Алима, как прошлой зимой Дюаз, говорили, не попал, на войну? – спросил у жены, глядя искоса.

Удивившаяся тому, что он спрашивает о событии, известном ему самому, Алима ответствовала:

- Разве не знаешь? В тот же день, когда ему сообщили «Поедешь на комиссию в Ганюшкино», он, укутавшись тулупом, высунув ноги, сидя держал их босыми всю ночь. Разве февральский мороз пощадит, все пальцы на ногах у него отмёрзли и отпали. К чему для фронта безногий калека?

«Искал своего верблюда и отмёрз ноги», - объяснял он; начальник военкомата, долго раздумывал, качая головой. В конце концов, наверное, поверил, отправил обратно, дав заключение «негоден». Да ну их, этих презираемых всеми отбросов. Как бы то ни было, земля и их держит, - заключила она. Взгляд, брошенный на жену, был жалким.

Начиная с этого дня, вселился в него стылый дух. Куда бы он ни шёл, не чувствовал себя скрытым от посторонних глаз. Даже тайные замыслы, о которых не должна была догадываться ни одна живая душа, даже те, казалось ему, были открыты для всех, будто объявлялись всенародно.



Бір кеште Әлима үйге сөйлей кірді.

– Жазыл-ау, шамасы камәсиә білем, ішінде Сәвет – қайнаға бар үш-төрт адам Өтештің үйіне кірді. Оған да шақырту қағазы келген. Манағы Қалидың сөзі шын болды ғой, тентектен тез хабар деген сол. – Бұл сұп-сұр болып орнынан көтеріле берді.

– Дымың ішінде болсын!

Солай деді де, үйге жапсарлас салынған қой қораға кіріп кетті. Әйелі аң-таң.

Әлден уақытта барып ескі кара табаның ортан белінен келтіріп қып-қызыл жылы қан алып шықты.

– Ойбай, мұның не? – Көзі атыздай болған әйеліне “пеш түбіне төсек сал” деп күңк етті.

Салынған төсекке жатып суып үлгермеген қаннан бір-екі ұрттап, қайта төкті. Аузы қан, езуінен аққан бір тамшы иегінен төмен жылжып кетті. Әйеліне зілдене қарап:

– Дымың ішінде болсын, – деді қайтадан. – Жауабын өзім берем!

Қыр ортасы Қошалақта қайбір көп үй бар. Сөйткенше соғысқа аттанатындарды түгендеп, тізімдеп жүрген топ та келіп қалды.

Ауылдық кеңестің төрағасы Дәулет есіктен әдетінше сөйлей аттады. Бұл жолғы сөзіне орысша араласқан екен.

– Товарищ Дж... Жабугалиев Жазыл, школда работаешь, хороши шәлөбек, – дей беріп еді, қасындағы әскери киінген орыс киліге кеткені. Өзі қазақшаға судай.

– Бәрі жақсы, төраға жолдас, тек бұл жігіт ауырмай ма, қозғалмай жатқаны қалай? – Дәукең сонда да орысшасынан айыға алмай.

– Жиб-здоров, э, неге ауырсын, келінді көріп тұрсындар ғой, – дегені.



В один из вечеров Алима зашла домой, тараторя.

- Жазыл-ау, по-моему, кажется, комиссия, среди них родственник наш, председатель Совета, и ещё три-четыре человека зашли домой к Утешу. И ему доставляли повестку. Значит, правду сказал Кали, не зря говорят, что быстрее всех известие доставляет озорник. Он, посерева, вскочил со своего места.

- Ни звука!

Воскликнув это, юркнул в смежную с домом овчарню. Жена в удивлении, осеклась.

Через некоторое время он вышел, неся с собой старую сковороду, наполовину наполненную тёплой красной кровью.

- Ойбай, чего это ты? Жене он, выкатив глаза, буркнул: «Стели постель возле печки».

Улёгшись в постель, он раза два глотнув ещё не остывшую кровь, выплюнул обратно. Рот в крови, капли её скатились по углам рта ниже подбородка. Тяжело взглянув на жену, снова повторил:

- Ни звука! Ответ буду держать сам!

Откуда взяться множеству домов в полупустынном Кошалаке. К этому времени появилась и группа, проверяющая и составляющая список призывников.

Председатель аульного Совета Даулет вошёл в дверь, по обыкновению, разговаривая. На этот раз речь его перемежалась с русскими словами.

- Товарищ Дж... Жабугалиев Жазыл, школда работаешь, хороши шелобек, - только начал свою речь, как вмешался в неё одетый в военную форму русский. Сам же он говорил на чистейшем казахском.

- Всё хорошо, товарищ председатель, только не болен ли этот джигит, почему он лежит, не двигаясь?

Даулет и на этот раз не смог отойти от русскоязычия.

– Жиб-здоров, э, почему болен, видите же невестку, - ломая язык, проговорил он.





Ондағысы ауру кісі мынандай әйелге қалай ие боп жүр дейін деді ме, әйтеуір не айтпағы өзіне аян.

– Сау болса алдындағы қаны несі? Значит?.. Дәулеттің көзі табаға сонда түсті. Ұйып қалған қызыл қанды көріп шошып кеткені.

– Ау. Жазылжан-ау, күні кеше шауып жүр емес пе ең? Бұл не сырқат?

– Өкпемде кінәрат бар ғой, Дәуке. Бүгін қан түсіп жатыр. – Жазыл қиналған кісінің кейпіне түсіп, басын көтере беріп жөтелген.

Бір-екі ши қасықтай қан табаға іркілдеп түсе қалды. Осының бәрін үн-түнсіз аңдып отырған дәрігер түтігіп кетті.

Жазыл біткен жерім осы болар деп еді. Бірақ, ештеңе демей бұған таяй келді де, аузын ашқызып қарады. Сосын табадағы қанның шетінен кішкене шөлмекке құйып алды. Сөйтті де:

– Ертең анықтармыз, кеттік, – деп қасындағыларды ертіп шыға жөнелді.

Кісілер кетісімен Әлима дауыс салып жыласын кеп. “Сорлы-ау, ел қатарына енді қосылғанда бұл бастаған қай сұмдығың? Әкең “кулак” деген қиудан құтылдық па деп жүргенде өзің “қашқын” атанайын деп пе ең? Кебенек кисең келерсің“...

Не істерін білмей дүлей арпалыстың үстінде жатқан Жазыл ақырып жіберді.

– Кебін кисең өлерсің дегенің ғой, о, тас жүрек. От шашқан аждаһаның аузына тұп-тура өзің барып түс демексің бе?

– Елге жау шапқанда қағыс қалатындай кімнен жаның артық, тегің әулие?

Өмірі бетіне жел боп тимеген әйелінің мына сөзі тұйыққа тірегендей.

Шынында да кімнен жаның артық?! Артында



Толи он хотел сказать, что как может больной человек иметь такую жену, то ли нечто другое, словом, одному ему известно, что он хотел сказать.

- Если он здоров, то почему перед ним кровь? Значит?.. Только теперь взгляд Даулета упал на сковороду. Увидев свернувшуюся красную кровь, он не на шутку испугался.

- Ау, Жазылжан, разве ты ещё вчера не носился на ногах? Это что за недуг?

- Да в лёгких у меня не всё ладно. А сегодня вот вышла кровь, – Жазыл, притворяясь тяжелобольным, приподняв голову, стал кашлять.

Две-три мокроты крови, величиной с чайную ложку, с дрожью упали в сковороду. Молча следивший за всем этим врач, нахмурился.

Вот тут-то я и попался, - подумал Жазыл. Но, также молча, врач подошёл к нему, заставил открыть рот и заглянул в него. Затем извлёк из сковороды немного крови и переместил в бутылочку.

- Завтра выясним, пошли! – произнёс он, проделав это, и увёл с собой попутчиков.

Сразу как они ушли, Алима заплакала навзрыд. «О, несчастный, тогда как мы вот-вот ужились с людьми, что за плутовство ты задумал? Вроде бы только успели избавиться от гвалта, обозвавшего твоего отца «кулаком», а ты уже норовишь прославиться «дезертиром»? Жив, будешь, вернёшься»...

Попав в дурацкую возню, недоумевая, что делать, Жазыл рывкнул:

- «Жив, будешь», это же всё равно, что и «умрешь», о, каменное ты сердце. Хочешь сказать, чтобы я сам нырнул в пасть огнедышащего дракона?

- Когда враг напал на страну, чем же твоя душа дороже других, чтобы, отмахнувшись, осталась в стороне, святая она, что ли?

Ни разу в жизни, не задевавшие даже ветром, эти слова жены загнали его в тупик.

И вправду, чем твоя душа дороже других? Разве



ошаң ететін адамы жоқ талай боздақ кетті емес пе өзі айтқан аждаһаға?

Айламен амалдаймын деп жан-жағын қарманғанмен ілігер ештеңесі жоқ тұңғыыққа кеткен адамның кебін киіп жатысы мынау.

Сонда өзін-өзі отқа итергені ме? Ертең-ақ әлгі шегір көз дәрігер қолындағы қанның адамдікі емес, қойдың қаны екенін анықтар. Анықтар да “Вредитель, дезертир” деп шыға келмесіне кім кепіл?

Сонда кімнің алдына барып ақталасың. Не деп жалтарасың? “Жай әзілім еді” дейін десең әзілдетің кез бе бұл?

Дәрігер орыс сенің қай нағашың еді? “Өзім кіндіктен жалғыз ем, әрі артымда атұстарым жоқ” дегеніңе құлақ аса қоя ма?

Құлақ асқан күнде де Обалың Кәрманға, Китлерге айда, ставай демей ме?” Осындай ойлардың шырмауынан тез құтылғысы келгендей жамылған көрпесін лақтырып жіберіп, орнынан тұрып кетті.

– Төрт жылда етегің бір қанамай...

Мұхамедидей кәрі азбан...

Нұрғалидың әйелі қашып кетті, – деді не айтпағы өзіне белгісіз бір өксік көкейіне кептеліп.

Оты сөне бастаған ошақ, басында жылап отырған Әлимаға өкпесіз не ризашылықсыз сұлық көзқараспен қарап тұрды да, есікті тарс жауып шыға жөнелді.

Әлима сәлден соң артынан жүгіре шыққан, үлгермеді. Торы атын мініп, өзі бауыздаған қара тоқтыны өңгеріп, қою түнге еніп барады екен. Айқайлауға арланды.

\* \* \*

Жазыл содан бері қашқын. Ақпанның сүйегінді сықырлатар қарлы бораны басталғалы төртінші



не уходило множество молодых людей, не оставив за собой никого для оглядки, в пасть того дракона, о котором сам и говорил?

Вот положение жизнелюбивого человека, пытавшегося при помощи всевозможных уловок найти выход, но не нашего никакой зацепки, чтобы не попасть в бездну.

Выходит, он сам себя толкнул в полымя? Тот сероглазый доктор завтра же выяснит, что кровь, взятая на пробу, не человеческая, а овечья. Кто может ручаться, что, выяснив, не станет вешать ярлыки: «дезертир», «вредитель»?

Тогда перед кем оправдание найдёшь? Как увильнёшь? Скажешь: «Да, пошутил я», но разве сейчас время для шуток?

Каким из родственников приходится тебе русский врач? Допустим, ответишь: «Один я от рождения, и нет за мной никакого держателя поводов», но разве к этому прислушаются?

Даже если прислушаются, разве не скажут: «Грех твой, айда, отмывай, иди на Германию, на Гитлера»? Откинув своё одеяло, он вскочил, словно хотел скорее избавиться от паутины, опутавшей его мысли.

- За четыре года ни разу, не окровавив, свой подол...

Старый кастрат, как Мухамедди...

Жена Нурғали сбежала, - бредил он, стиснув грудь всхлипыванием, сам, не ведая того, что говорит.

Посмотрев на Алим, плачущую подле догорающего очага, ни с одобрением, ни с обидой, а лишь с безразличием во взгляде, вышел, громко хлопнув дверью.

Через некоторое время Алима выбежала вослед, не успела. Сев на гнедого, взвалив на него зарезанного ягнёнка, он уже растворялся в густой ночи. Кричать постеснялась.

\* \* \*

С тех пор Жазыл - дезертир. Четвёртый день, как начался снежный февральский буран, пробира-



күн. Ноғайбай адырынан шеткері көзден қағыс бір шоқалды қазып алған үңгірінен тысқа шықпағанына сонша мезгіл.

Қар астынан теріп әкелген үш-төрт құшақ, жыңғылы қашанғы жетсін, таусылды. Түтіндетіп көп жағуға да сескенеді.

Әрі қара тоқтының, тұзақ құрып ұстаған екі-үш қоянның еті де таусылды. Соңғы қалған-құтқанын кеше қауғаңдаған. Енді апан түбіндегі қорқаудай үңгірде жатысы мынау.

Бұрынғылардың айтатыны қайда, “қазылған шұңқыр жазда салқын да, қыста жылы” деп. Мына үңгірдің көрден айырмасы қайсы?

Бірақ атасының басы жылы, ызғар жан-жағыңнан қари жөнелгенде, жаныңды жай таптырсыншы. Содан сәске болғанша қолдан илеген бозақай тоңына оранып жатады да қояды. Жамбасы сыздап, қарны ашқан соң от жағып, ет қақтайтын. Енді ол талғажауынан да айырылды.

Аш кісіге ой үйір.

“Әкесі – құлақ, өзі – қашқын. Баяғыда таптырып алып әкесімен бірге айдату керек деп едім, ойыма құлақ асқан болды ма”.

“Бөлтірік қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды” деген сол.

“Қошалақтан соғыстан қашқан дезертир шықты” деп...

Шағын ауылдық атқамінерлерінің сөзі осылай келетініне Жазылдың иманы кәміл.

Әйелдер жағы “Ене-ау, не естігеніңіз бар, Жазыл азығым деп бір қойды артына өңгере қашыпты. Аты үйіне қайырып оралыпты. Өзі таптырмай жүрген көрінеді.

“Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді” деген сол Әлима содан бері есігін кілттеп алып, ешкіммен тілдеспейтін көрінеді. Ұяттан өртеніп жатса керек. Енді қайттім, бетім-ай”, – деп өз бетін өзі шымшылар.



ющий до костей. Столько времени прошло с тех пор, как он, выкопав нору вдалеке от глаз в одном из пригорков взгорья Ногай-бай, не выходил из неё.

Надолго ли могло хватить трёх-четырёх охапок джингила, подобранных из-под снега, - кончились. Да и опасался часто жечь костёр из-за дыма.

К тому же, иссякли запасы мяса ягнёнка и двух-трёх зайцев, попавшихся в расставленные силки. Кое-какие остатки проглочены были вчера. Теперь вот лежит, как шакал, в глубине логова.

Где же, сказанные древними слова, что «вырытая яма летом прохладна, а зимой тепла»? Какая разница между этой пещерой и могилой?

Чёрта с два, тепло, когда стужа обжигает со всех сторон, не даёт душе найти своё место. Из-за этого до самого позднего утра лежит, укутавшись в самодельный тулуп. Когда ныл таз, одолевал голод, он зажигал костёр и вялил мясо. Теперь же лишился и этого занятия.

Голодного человека одолевают думы.

«Отец – кулак, сам – дезертир. Давно говорил, надо было, отыскав его, отправить в ссылку вместе с отцом, но кто же прислушался к этому совету»;

«Сколько волчонка не корми, всё равно воет, глядя в сторону леса», - наверняка, так уже сказывают.

«В Кошалаке объявился дезертир, уклонившийся от фронта», - ославили так или сяк.

Жазыл был более чем уверен, что именно в этом духе стряпают речи мужчины маленького аула.

Женская же часть, конечно, тараторит:

«Матушка, вы слышали, оказывается, Жазыл сбежал, прихватив для пропитания ягнёнка. Лошадь его вернулась домой. Сам же он ещё не пойман, скрывается.

Говорят, общипывая при этом свои лица, - катышек помёта разлагает целый казан жира. Сама же Алима, любящая повторять эту пословицу, с того времени заперев свою дверь, не хочет ни с кем и словом обмолвиться. Видать, сторает от позора. Что делать, стыдоба-то, какая».





Бұл ызалана мырс етті. Орнынан енжар тұрып, үңгір ішінде сүйеулі тұрған шиті мылтығын қолына алды.

Дала ақ ұлпа қардың құшағында. Күн сәулесіне шағылысып жанарынды қарықтырады. Сыртқа көптен шықпаған соң ба, Жазыл көзін көлеңкелеп біраз тұрды.

Үңгірге тығылғалы мылтықты қолына ұстағаны осы. Онда да аштық қысқан соң. Жан-жағына бағдарлап сәл тұрды да, қоян көрінбес пе екен деп еңіске аяндады.

Ала қырдың ортасы, меңіреу тыныштық. Сөйтіп келе жатып соңғы төрт ай ішінде тірі жан бала-сымен тілдеспегені есіне түсті. Өзін түсінетін әлдекіммен құмарынан шыға әңгімелесе, шіркін.

Әлден уақытта сонадайдан қарауытқан көрінді. Анда-санда қозғала түсіп тоқтайды. Сәлден соң қайта жүреді. Бұл кім? Адам ба, аң ба?

Адам болса өзін андып жүрген болар. Аң болса бұған азық емес пе? Бұл соған не де болса жетуге асықты.

Адам болса түйсігі, сезімі бар емес пе? Ішіндегі бар шерін ақтарса! Неге мұндай жаңылыс басқанын айтып көзін жеткізсе, ебіл-себіл жыласа бір.

Уһ, сосын ұстап-ақ әкете берсін. Шыбын жанын шырқыратып оққа тоса ма, отқа тоса ма, бұл риза.

Жақындағанда аңғарды, киіктің кәрі текесі екен. Терісі сүйегіне жабысқан, қабырғасы ырса-ырса. Шамасы киіктің матауында үйірінен айырылып қалса керек. Аяқ астынан түрткілеп шөп іздеген болады, тізгінге ұмтылады. Бірақ, аузына іліктіре-рі шамалы.

Бұл алғашқыда атып алуға бекінгенмен ол ойынан тез айныды. Ен далада атылған мылтық даусы өзін әйгілемей ме?

“Қой болмас, жаяу қуып ұстап алайын. Қашатындай қайбір қауқары қалды дейсің” деп соңына



Он, разозлившись, усмехнулся. Нехотя поднявшись с места, взял прислонённое к стенке пещеры ружьё.

Снаружи всё в объятых рыхлого снега. Отражая солнечный свет, ослепляет восприятие. Наверное, из-за того, что давно не выходил на свет, Жазыл долго стоял, прикрыв глаза ладонью.

С тех пор, как таится в пещере, он впервые взял ружьё в руки. Постояв немного и оглядевшись пристально по сторонам, двинулся, не спеша, в надежде добыть зайца.

Вокруг пёстрые пригорки, да мёртвая тишина. Шагая так, вспомнил, что уже четыре месяца не общался ни с кем из людей. Эх, вот бы с кем-нибудь, кто понимает тебя, поговорить, ослабив узду страсти!

Спустя время появилось вдалеке нечто движущееся. Двигаясь, время от времени, оно останавливалось. Затем снова двигалось. Кто это? Человек или зверь?

Если человек, то, наверно, охотится за ним. А если зверь, то не станет ли пищей для него? Как бы то ни было, он поспешил добраться до него.

Если человек, то разве не найдётся у него чувств, понимания? Вот бы выплеснуть наружу всю свою тоску! Донести бы до него, почему он попал в заблуждение, даже поплакать навзрыд.

Да и пусть потом доставит под арест. Даже если заставит пицать его мушку-душу, в огонь, вогнав, или под пули, загнав, он будет доволен.

Приблизившись, догадался, что это старый самец сайги. Кожа прилипла к костям, рёбра торчат наружу. Похоже, во время гона, отбился от стада. Пытается, копытами добыть траву из-под снега, но мало что ему удаётся.

Хотя вначале он твёрдо решил подстрелить, но затем отказался от этой мысли. Разве звук выстрела в чистом поле не обнаружит его самого?

«Нет, придётся мне догонять и ловить его пешком и вручную. Вряд ли у него остались какие-то силы



түскен.

Қатып қалған қарда ақсақ ойылып жете алсыншы, көрейін. Кәрі текені қуалай-қуалай өкпесі өшті. “Шіркін-ай, атып алар ма еді!” деп қиялдады, әбден болдырған соң.

Санасынан екінші ой жүгіріп өтті. “Атыстан қашып, атысты аңсау неңді алған, жазған”, мұның шыдамы осы жерден үзілді.

Көздер көздеместе алдында тұрған текені басып салды.

Оқтың түтіні сейілісімен қасына жетіп барды. Бара жанталасып жатқан текені бауыздағалы үйреніп қалған ауыз “ер азығы мен бөрі азығы“... дей беріп еді:

– Әй, ез, сен мұнда ма едің? – деген дауыс шалқасынан түсіре жаздады.

Жалма-жан мылтығын қолтығына қысып, жалт қараған. Сонадай жерде жапырық інгеніне мініп, жаман тымағын мильқтап тобанаық Дюаз тұр.

Иә, кәдімгі өз аяғын өзі үсіткен Дюаз. Күміс теңгедей жалтырап жатқан қардан тіктеп қарай алмай тұр ма, болмаса мұны мысқылдап күлгені ме, әйтеуір мыжырая қалыпты. Қапелімде екеуі де үнсіз.

– Не деп оттап тұрсың? – деді сәлден соң. Жазылдың әуелден-ақ осыны суқаны сүймейтін.

– Біраздан бері андып жүрген текем еді. Жә, саған-ақ байладым. Қашқында қай бір күй бар дейсің? – деп түйесін бұрып кетуге ыңғайланды. Мылтығынан сескенсе керек.

– Тоқта, иттің баласы, – деп ақырды бұл. – Мен емес, сен қашқынсың. Сен! Сен! Сен!

– Ей, байғұсым-ай, – деді ол бір қырын оңтарылып отырып, – Есіңе сақта, қашқын адам елде жүрмейді. Айдалада сен сияқты тентіреп теке қуалайды. Мен соғыстан қалсам көздері жәудіреген бес баламды қимадым. Сен ше? Кімге қарайладың? Бедеу бестідей қайнандаған қатының аштан өліп,



для спасения», - решив так, он пустился вдогон. А на глубоком снегу, попробуй, догони. Преследуя старого самца, он сам, задыхаясь, устал. «Эх, вот бы пристрелить», - мечтал он, вконец измотавшись.

В сознании промелькнула другая мысль. «Увильнув от стрельбы, сам жаждешь её, как же так, несчастный», - и здесь его терпение лопнуло.

Выстрелил в самца навскидку. Как только рассеялся дым от выстрела, подбежал к нему.

Подбежав, только хотел прирезать мечущегося в предсмертной агонии сайгака, успев при этом проговорить привычную поговорку «не ты совершил проступок, а голод мой совершил поступок», как услышал:

- Эй, пустомеля, ты здесь что ли, обитаешь? - этот голос чуть было не опрокинул его навзничь.

Моментально зажав подмышкой ружьё, резко обернулся. В некотором отдалении, нахлобучив треух на весь лоб, на своей помятой верблюдице сидел безногий Дюаз.

Да, тот самый, кто сам отморозил свои ноги. Не то, затрудняясь смотреть прямо из-за блеска снега, подобного отражению от серебряной монеты, не то, надсмехаясь над ним, словом, застыл осклабившись. Оба молчали.

- Что за вздор ты мелешь? – опомнился Жазыл, спустя время. Издавна его терпеть не мог.

- С некоторых пор я преследовал его. Так и быть, пусть достанется тебе. Какой может быть недостаток у дезертира? – сказав это, повернул верблюдицу, намереваясь убраться восвояси. Похоже, опасался ружья.

- Стой, собачий сын, - воскликнул он. – Не я, ты – дезертир. Ты! Ты! Ты!

- Эх, ты, бедняга мой, - ответил он, перевалившись на другой бок, - Запомни, дезертир не ходит среди людей. Как ты, бродяжничая в пустыне, он скрадывает зверя. Я избавился от войны, так как не хотел рисковать своими пятью ясноокиими детьми. А ты? Оглядывался на кого? Думал, что твоя



көштен қалады дедің бе? Өлсем байсыз қалады дедің бе? Колхоз басқармасы ағайының Меңдіғалидан өткен жұмада “қара қағаз” келді. Қалды Жәмилә төрт баласымен саулы іңгендей боздап.

Меңдіғалиды естігенде Жазыл селк ете түсті. – Өлді! – дейді. – Ойыны ма, шыны ма? Күні кешегі құлын-тайдай тебіскен Меңдеш...

Есін жиып қараса, Дюаз шығысқа қарай саржеліп барады екен.

– Тоқта, деп айқайлай жүгірді артынан. – Тоқта, Дюаз! Дәулетке айт, анау шоқалдағы үнгірімнен мені ұстап әкетсін. Есіттің бе-еу, мен бәріне бейілмін. Тек ауылға апармай бірден жөнелтсін тозағына.

Айтары көп еді, қапелімде өз-өзінен тығылып қалды. Содан талықсып құлағанша көзінен аққан жас өңірін жуып, іштей дауыстай берді. – Мен бәріне бей-йіл-мін... ұста... Айтқандай-ақ ертесіне Қаби бастаған үш милиционер мұны үнгірден ұстап әкетті.

\* \* \*

...Сол күні кіші бесінде Жазыл үйіне бұрқан-сарқан ашумен оралды.

Ашуланатын да жөні бар. Қырық жылғы қырындыны қозғап, зауал шағында бетінің суын бес төгіндей шолаққол Әбілге не көрінген?

Ит те болса бір жылдың төлі ғой. Қайта көп алдында “Әбеке”. “Жазеке” десіп бір-бірін көтермелеп, құрдастарша әзілдесіп отырмас па? Сонда екі сөзге келмей қызыл кеңірдек бола қалатын осы күнгі жастарға екеуі де үлгі емес пе?

Бұрын солай-ақ сияқты еді. Соғыс кезінде тапсырылмай қалған ордені өзін қайта тауып, кеудесіне қадалғалы осы шолақтың көңіліне бір астамшылық кірді.



жәнушка, как боязливая ездовая лошадка, умрёт с голоду, останется вдовой смолоду? Считал, погибнешь, а она останется без мужа? На прошлой пятнице пришла похоронка на брата председателя колхоза Мендигали. Осталась Жамиля с четырьмя детьми, рыдая, как дойная верблюдица, потерявшая верблюжонка.

Услышав о гибели Мендыгали, Жазыл вздрогнул. – Погиб! – повторил он. – Шутка, или, правда? Со всем недавно резвился, как жеребёнок, Мендеш...

Придя в себя, увидел, - Дюаз плавно направлялся на восток.

- Стой, - крикнув, бросился за ним. - Дюаз! Скажи Даулету, пусть арестует и уведёт меня вон из той пещеры на пригорке. Слышишь, я покорен всему. Только пусть не доставляют в аул, а напрямик отправят в свой ад.

Было много, что сказать, но он сразу затаил всё в себе. Голосил про себя, пока, утомившись, не упал, залив слёзами одежду. – Я по-ко-рен всему-у-у... Как и говорил, и волком был, - на следующий день три милиционера во главе с Каби, увели его из пещеры.

\* \* \*

... В тот день в пятницу Жазыл вернулся домой с пылающим гневом.

Да и гневиться ему было с чего. Что же привиделось безрукому Абилю, пролившему пот с лица, словно в полуденную жару? Для того чтобы поко-вырять сорокалетнюю грязь?

Будь даже собакой, но ведь они одногодки. Разве нельзя перед всеми, поддерживая друг друга уважительными именами «Абеке», «Жазеке», шутить, как ровесники? Разве они не показывают дурной пример сегодняшней молодёжи тем, что, не обмолвившись и двумя словами, дерут горло?

Раньше, вроде, было так. Но как только орден, не вручённый ему во время войны, найдя его заново, был навешен ему на грудь, в душу этого безрукого вселилась кичливость. А как же иначе это называть?





Кірді демей қайтсін, жеңіс мейрамы қарсаңында орден, медальдарын сылдыр қақтырып, үйінен шыға бере мұнымен жолығыса кетті.

– Жол болсын, – деген бұл әдетінше.

– Мектепке кездесуге шақырған, жүр, бірге барайық, – дейді мазақтағандай жымыып.

Қай пиғылмен айтып тұрғанын біле алмай теріс айналып кеткен. “Құрдастың сөзін қойшы, базыналық жасап айта салған болар” деп өзін-өзі алдарқатқанымен көңілінде бір түйіншек қалды шешусіз.

Бүгінгі сөзі әлгі. Осының бәрі неден басталып еді? Е, үйге таңертеңмен жалғыз басты көрші кемпір Дәрежат келді.

Келе “қаладан ілім қуып жүрген жиенім Қалаужан келіп жатыр. Жарығым сол, кеше кешкілік:

“Әже, осы ауылды аз да болса соғыс өрті шарпыған. Сол кезді көрген үлкендермен сөйлесем. Олар тірі тарих, сағ алтын дейме-ау”.

“Ойбай, жарығым, жалғыздап жолығып қайтесің, – сенің жолыңа бір мал садақа. Қарттарды жиып, өзіңді таныстырайын, батикасын ал, сосын сөйлесе бер дедім.

Айтпақшы, қорғайтын тақырыбыма байланысты дей ме, немене? Қорғағалы жүр ғой бізді, күнім, қорғасын, қорғасын, түстен қалмай келе қойыңдар, ой, Алла белім”, – деп әдетінше екі-үш шойырылып шыға жөнелді.

– Қаланың, кісісіне не болса сол таңсық-ау, – деді Әлима нан илеп отырып.

Бұлар барса көрші-көлем жиналып қалған екен. Бәрі көңілді, кеу-кеу әңгіме.

Дәрежаттың жиені қонақтардың бабын тауып жүр. Орта бойлы, ақсары өңді, маңдайлы, әдемі жігіт. Бала кезінде бір көргені бар. Қазір одан әлдеқайда таралып өсіпті. Сөздері де орнықты.



Абил накануне дня Победы, выйдя из дома, надев орден и медали, встретился с ним.

- В добрый путь, - пожелал он, как обычно.

- Пригласили в школу на встречу, идём, пойдём вместе, - сказал калека, как будто, дразня.

Не выяснив, с каким намерением он это сказал, ушёл развернувшись. Хотя он вроде бы успокоил себя мыслью: «Да, ладно, наверное, ровесник потешил вольностью», - но в душе остался какой-то, не распутанный узелок.

И вот сегодняшние слова. С чего всё это началось? Ах, да, домой с утра зашла соседка, одинокая старушка Дәрежат.

«Приехал из города мой родственник, Калаужан, он занимается там наукой. Светик мой, вчера вечером сказал:

«Бабушка, этот аул, хотя и немного, был опалён огнём войны. Поговорить бы с теми старцами, которые видели то время. Они же, живая история, как говорят, чистое золото».

«Ойбай, светик мой, зачем ты будешь встречаться с ними поодиночке, - в жертву твоей дороге готова у меня скотинка. Собрав старцев, познакомлю тебя с ними, прими их благословения, потом и говори с ними», - ответила я.

К слову, говорит, связано с защитой его темы, что ли? Солнышко, готовится защищать нас, пусть защищает, защищает, приходите ко мне до обеда, ой, Алла, моя поясница», - сказав всё это, вышла из дома в три погребели и удалилась.

- Городскому человеку, что бы ни было, всё дико-винно, - сказала Алима, мяся тесто.

Когда они появились, оказалось, соседи и родственники уже собрались. Все весёлые, лились ненасытные разговоры.

Родственник Дәрежат ухаживал за гостями. Среднего роста, светлолицый, лобастый, красивый джигит. Видел его когда-то ещё ребёнком. Сейчас пополнил, вырос намного. Говорит уместно.



Әп, дегеннен көңілі бітіп қалды. Ғылыммен айналысады дейді, тек тіл-көзден аулақ.

Шай дастарқаны жиылысымен Қалау:

– Әжем сіздерге айтып та тастапты ғой. Менің білейін дегенім, Қазақстанның батысындағы Орда, Жәнібек, Теңіз аудандарындағы темір жол бойын фашист басқыншылары бомбалады деп Ұлы Отан соғысының тарихында жазылған. Бомбалағанын өз көздеріңізбен көрдіңіздер ме?

– Сөзің орынды, жиенжан, – деп бастаған әңгімесін Дайыр ақсақал. – Бірақ, осы отырғандардың ішінде бірен-саран ғана болмаса, ол кезді көргендер жоқ. Көпшілігі соғыс біткесін сонау Қошалақтан көшіп келді, тұрақтады. Өзім соғыста ыптарой Белорус майданында болдым. Анау отырған Дүйсенбі білмесе әлгінің жайын, – деп шынтактай түсті.

Бәрі Дүйсенбіге қарасты. Ол қай бір сөз білетін адам. Әр нәрсенің басын бір шалған. Жұрттың ұққаны сол бұрынғы көпшіліктің айтып жүретін әңгімесі.

Алыстан соғыс дүмпуі бұл ауылға да естіліп жатады. Сол күндердің бірінде жау самолеттері Майырды да бомбалайды. Үш-төрт үй қирап, бес-алты адам қаза болады. Содан он шақты күн өткесін әлгілердің екі-үшеуі кештетіп қайта оралады. Запы болып қалған ауыл адамдары үйлерінен шығашыға айналаға безіп берсін. Өтіп бара жатып екі бомба тастаған екен. Бірі жарылды, екіншісінің жарылған даусын естімедік дейді!

Қалау қағазына қарап, қанша сұрағыштағанымен Дүйсенбіден одан өзге басы-артық әңгіме шықпады.

– Қай майданда соғысқа қатыстыңыздар. Қолбасшы, командирлеріңіздің аты-жөні кім еді?

Содан дәл болмағанмен де долбарға мықты ауыл шалдары қырық жыл бұрынғы жігіт шағын естеріне түсірсін. Бірі шалғы мұртын ширатып, кәрілері шоқша сақалын қызыл иегіне асай қыстырып өткенге біраз ой жүгіртсін. Ауыздарынан не шықса соны хаттап Қалау отыр.



Сразу ему понравился. Говорит, занимается наукой, да минует его сглаз и злой язык.

Как только после чая был убран дастархан, Қалау начал разговор:

«Бабушка, оказывается, взяла, да и всё выложила. Я вот что хотел знать: в истории Казахстана пишется, что в западных районах Республики, Орде, Жанибеке, Тенгизе, фашистские оккупанты бомбили железнодорожные пути. Вы видели воочию эту бомбёжку?

- Верно, говоришь, дорогой, - начал беседу ақсақал Дайыр. – Но среди сидящих здесь, кроме одного, двух, нет тех, кто застал те времена. Большинство после окончания войны переехали из Кошалака и обосновались здесь. Сам я был тогда на войне, на втором Белорусском фронте. Разве только не знает об этом вон тот сидящий, Дуйсенби, - высказался он и облокотился.

Все повернулись к Дуйсенби. Да откуда ему быть красноречивым человеком. Так себе, нахватался верхушек всего. Окружающие слышали только повторение досужих рассказов большинства.

Далёкие раскаты войны были слышны и в этом ауле. В один из таких дней вражеские самолёты бомбили и аул Майыр. Разрушены были три или четыре дома, пять или шесть человек погибли. Спустя десяток дней два-три этих самолёта вернулись обратно. Выскочив из своих домов, испуганные жители аула разбежались в разные стороны. Пролетая, сбросили две бомбы. Одна взорвалась, а взрыв второй мы не слышали, - рассказал старец.

Как бы ни пытался Қалау, глядя на свой блокнот, выудить ещё что-то, но выжать из Дуйсенби ничего не удалось.

- На каком фронте воевали, как имена командиров, главнокомандующих?

Хоть и неточно, но пусть охочие на рассказы старцы вспомнят свою молодость сорокалетней давности. Пусть они, одни, скручивая, обвисшие усы, другие, более старшие, поглаживая острокопечные бороды, бросят взгляд на давно минувшие дни. Қалау записывал всё, чтобы они ни рассказывали.



Ерте көк тістеген бағланның еті қанша қайнасын, уыз дәмінің иісі жайылып, түсе қалса керек. Қолға су құйыла бергенде әңгіме кезегі Жазылға да жетті. “Әттеген-ай, ас келіп қалып сұрамай-ақ қойса екен” деп еді, болмады.

– Е, шырағым, біз соғыстан бронмен қалдық қой, – деген осы ауылдың құлағына әбден сіңісті қылған сөзін қайталап. – Теңізге шығып балық аулау, оны майдангерлерге жөнелту кезінде соғыстан кем болмады.

– О, Жазеке, мұныңыз тың дерек, айта түсіңіз?

Бұл не айтсын.

– Осы үй іргесіндегі Каспий теңізіне шықтық, қысы-жазы, – дей беріп еді, құрдасы Әбіл:

– Әй, айтқанның аузы, көргеннің көзі жаман, не оттап отырсың, жас баланың басын ауыртып! Солай деп жазып қойып жұмысыңа зияның тиер. Неге айтпайсың ақиқатын. Ең болмаса Хабаровск жағында болғаныңды, о несі-ей, – деді ашуланғандағы дағдысымен шынтақтан төмен кесілген шолақ қолын сілтелеп.

Бұл қапелімде не дерін білмей кібірткітеп “қырық екіден бастап Хабаровскі маңында болдым. Соғыс біткенше жапондарды қақпайлай тұрдық қой. Оны өзің секілді оқыған жастар тарихтан жақсы біледі”, – деп қызарақтай берді.

Әлима да әрең отырса керек. “Шырағым, кәрі атаңды қажай беріп қайтесің? Соғыс басталғанда жаңылыс басып істі болған”, – деп салды.

Зерделі бала ғой, Қалау да айтылмай қалған сөздің мәнін ұқса керек, қайтып қозғамады. Ас көңілсіз желінді.

Үйіне келсе сүт кенжесі Ғаділ аула ішінде жүр, әр нәрсені бір шұқылап.

– Әй, Саркынды (еркелетіп солай атайтын-ды)

Сколько может вариться мясо рано вышедшего на выпас ягнёнка, видать, уже сварилось, расточая запах молозива. К моменту омовения рук, дошла очередь и до рассказов Жазыла. «Эх, быстрее бы подали мясо, чтобы не успел опросить меня», – надеялся он, но не вышло.

- Э. светоч мой, мы освободились от фронта по брони, - начал повторять уже давно впитавшуюся в слух аула речь. В то время ловить рыбу на море, отправлять её фронтовикам, было нелегче, чем на войне.

- О, Жазеке, это же непочатый факт, продолжайте...

Что он мог сказать?

- И зимой, и летом выходили на Каспийское море, омывающего этот дом, - только было начал он, как его ровесник Абил воскликнул:

- Әй, лживы говорящие уста, глядящие глаза, что ты тут мелешь, вскружив парню голову! Запишет так, - может навредить своей работе. Почему не говоришь правду. Хотя бы то, как побывал в Хабаровске, что же это он, а, - возмущаясь и по привычке размахивая культёй.

Не зная, что сразу и сказать, произнёс нерешительно: «С сорок второго был в окрестностях Хабаровска. До конца войны препятствовали японцам. Об этом хорошо знают из истории, такие как ты, образованные молодые люди», - сообщил он, нервничая.

Алима, видать, сидела, еле сдерживаясь. «Светик мой, стоит ли мучить старенького дедушку, может, оставишь в покое? Когда началась война, на него из-за недоразумения было заведено дело», - заявила она.

Умный же парень, Калау, кажется, понял значение недосказанных слов, не стал докучать далее. Ужин прошёл без настроения.

Когда возвратился домой, во дворе, ковыряя всё вокруг, слонялся младший внук Гадиль.

Эй, Саркынды (он, балуя, называл его так), при-



оқудағы, әрмиедегі ағаларыңнан хат келді ме? – деген сол ашулы қалпы.

– Жоқ, әлі.

– Өңшең қырсыз, солар оқып басыма көк тас қоймай-ақ қойсын. Екі айдан бері хат жоқ, хабар жоқ. Сонда амандығын ай қарап, жұлдыз санап білеміз бе, түге...

Ішіндегі қыжылы басылмай үйіне кіре беріп еді, Ғаділ:

– Әке, мына інге үлкен сұр жылан кіріп кетті. Екі басы бар сияқты, сұп-сұр, – десін.

– Енді не істемексің? Әлде былтырғы Жұмағазыдай біреуімізді шағып өлтіргенше қызықтап қарап отырмақсың ба?

– Іні тік екен, дуста салып ем, шықпады. Сосын ішіне самаурынның қасында тұрған жермайды құйдым. Бәрібір шығатын емес.

– Көп құйдың ба? – деді Жазыл ойына әлдене оралып.

– Жоқ, орта бәнкеден де аз.

– Онда әкел шырпыңды. Тұтатып ішіне тастай салсаң жылан өзінен-өзі өртеніп, құриды. Тек інінің аузын бір қызыл таспен бастыра қою керек. Баласы үйге шырпыға кеткенде өз қалтасында да шырпы бары есіне түсіп, екі-үш талын бірдей жақты да, іні ішіне жібере салды

– Әп, бәлем, қуырыл да қал, арам неме!

Жазыл темекісін тұтатып үлгермеді. Адам айтқысыз жарылыс аула ішінің астан-кестенін шығарды. Сол ауылдың еңбектеген баласынан бастап сақалымен жер сызған кәрісіне дейін Жазылдың үйіне лап қойды.

Тек Дүйсенбі “мұндай кезде шоғырланбай далаға қашу керек” деп жұртты қайтармалаған екен, сөзіне тоқтар пенде болмапты.

Ала шапқын, айқай-сүрең. Жазыл бір аяқ, бір

шли письма от твоих братьев, которые на учёбе, в армии? – спросил, с тем же сердитым видом.

- Нет, ещё.

- Сплошь бездельники, не надо мне от их образованности даже надгробного камня на могилу. Два месяца, как нет ни известий, ни писем. Что же об их здравии мы должны гадать по луне, считать по звёздам, спло...

Не погасив душевного жжения, только собрался войти в дом, как Гадиль сообщил:

- Деда, в эту нору заползла большая серая змея. Двухголовая, кажется, серая-серая.

- Что теперь будешь делать? Или будешь сидеть, бездействуя и любопытствуя до тех пор, пока она, укусив, не умертвит нас, как в прошлом году была умерщвлена Жумагыз?

- Нора, оказалась вертикальной, насыпал дуст, не выползла. Потом влил внутрь нефть, которая у самоара. Даже не думает выползть.

- Много влил? – спросил Жазыл, возвращаясь к своим мыслям.

- Нет, меньше, чем полбанки.

- Тогда неси спички. Подожжём, змея сторит, исчезнет. Только надо нору накрыть кирпичом. Когда внук пошёл домой за спичками, вспомнив, что у него в кармане они тоже есть, зажёл одновременно две-три штуки и бросил в нору.

- О, беда моя, сгинь и исчезни, нечисть эдакая!

Жазыл не успел даже прикурить свою сигарету. Неопикуемый взрыв перевернул верх дном весь двор. Все в ауле, от ползающих на четвереньках детей до подметающих землю своими бородами старцев, хлынули к дому Жазыла.

Только Дүйсенби, приговаривая, - «в таких случаях не стоит сбиваться в кучу, надо бежать в разные стороны», - пытался остановить людей, но никто не внял его словам.

Суматоха, крики, шум. Жазыл, без оторванной од-





қолынан айырылған, әл үстінде. Үйінің жарты шатырын да жұлып кеткен. Лезде жан-жақтан жиналған машиналы, аттылы топ жылан ініне тастаған оттың жарылмай қалған бомбаға тигенін анықтады. Одан арғысы белгілі.

Ғаділ: “бәрі менен болды, әкем ашуланып тұрған соң айтпап ем. Інге үш бәңке жермай құйғанмын” деп жұбатқанға көнбей еңіреп жүр.

Әлден уақытта Жазыл басын сүйеп отырған көпшілікке: “Арманым жоқ, қош” – дегенді үзіп-үзіп айтты да иек қағып, бұл байламсыз тірлікті өзінен кейінгілерге тастап жүре берді.

“Кейбір соғыстан оралмаған замандастарым көрмеген кемді күн қызықты көрдім, арманым жоқ дегісі келді ме, әлде көзге шыққан сүйелдей қылып едіңдер, “жазымштан озмыш жоқ” екен. Ел алдындағы айыбымды бұйрықты яки бұйрықсыз ажалыммен жуып-шайдым, ал қош” дегені ме? Кім қалай түсінсе де еркі ғой.

Ерінің о дүниелік екенін көрген Әлима: “Жазыл-ау, төрт жылдық соғыстан қашқаныңның қырық жылдық азабын шегіп ең. Енді жаның жайлан-ғай” деп дауыс салды.

Жазылдың бомбадан өлгенін естіген Ғаділ: “Әке-ау, бронь бар емес пе еді?” – деп шырқырап, жер тепкілеп жатыр.

“Саған дегенде құдайдың тамағы тоқ жаудың көзі оң” деп қарғаған жеңгесі Орынша тезек тере кетіп кештеу келген. Келе обадай болып ойылып қалған бомбаның орнын айналып өтіп үйге аңырай кірді. “Ақ-сұңқар ұшты қолымнан...”

Осы оқиғадан кейін ері соғыстан оралмаған Қалима шешей батыс жаққа мұнданып, көп қарағыштаған екен дейді. Соны көрген әйелдер жұмыстан кешігіп келген күйеулеріне біразға дейін шаптығып сөйлемейтін болыпты. Тек біразға дейін...

Қалау блокнотына асығыс жазып жатыпты: “Сталинград майданынан 135 шақырым жердегі ауылда соғыстың соңғы бомбасы жарылды. Ол...”



ной ноги и одной руки, еле дышит. От дома вырвано полкрыши. Моментально собравшаяся со всех сторон на машинах, на лошадях толпа выяснила, что пламя в змеиной норе попало на невзорвавшуюся бомбу. Остальное известно.

Гадиль, не повинуюсь успокоениям, рыдал: «всё из-за меня, бабушка был сердитым, поэтому я и обманул. В нору я влил три банки нефти».

Через некоторое время всем, кто подпирает его голову: «Не жалею ни о чём, прощайте!», - прерывисто прошептал Жазыл и, уронив голову на подбородок, оставил эту брентную жизнь оставшимся после него.

То ли он хотел сказать «видел больше интересно, чем мои современники, не вернувшиеся с войны», то ли – «был я для вас, как бельмо в глазу», то ли - «вину перед народом смыл своей смертью по велению или невольно», словом, «ничего нет шибче, круче, чем несчастный случай». Волен тот, кто, как хочет понимать.

Завидев, как муж отправился на тот свет, Алима запричитала: «О, Жазыл-ау, пытаюсь избежать четырёхлетней войны, в сорокалетних мучениях провёл ты свои дни. Да найдёт твоя душа успокоение...»

Услышав это, Гадиль лягал землю и вопил: «Бабушка-а-а, разве у тебя не была бронь!?!»

Тётушка Орынша, проклиная его словами «тобой и Бог сыт, и враг догляд», ушедшая с утра собирать кизяк, вернулась поздно. Обойдя исковерканную бомбой воронку, похожую на роющийся колодец, зашла в дом, голося: «Мою руку сокол белый мой покинул...»

Говорят, после этого события матушка Калима, муж которой не вернулся с фронта, скорбя, долго всматривалась на запад. Видевшие это жёны до некоторых пор не бранили своих мужей, возвращавшихся поздно с работы. Только до некоторых пор...

Қалау торопливо записывал в свой блокнот: «В ауле, находящемся в 135 километрах от Сталинградского фронта, взорвалась последняя бомба войны. Это...»



Келіні айтқандай, біз де осы күні біреудің үйіне бара қалсақ, табалдырығынан аңдап аттаймыз. Кімнің ауласында, кімнің көкірегінде жарылмай қалған не жатқанын кім біліпті?

Как говорила невестка Жазыла, мы тоже в эти дни, с опаской переступаем чей-то порог. Кто знает, что ещё не взорвавшимся лежит у кого во дворе, у кого в душе?

